



010000, Астана қаласы, Алматы ауданы

Аманат көшесі, 5
тел.ф. +7 (7172) 50-17-65
51mektap@mail.ru

010000, город Астана, район «Алматы»

Улица Аманат, 5
тел.ф. +7 (7172) 50-17-65
51mektap@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 290/1
« 2 » 09 20 25 ж.

ПРИКАЗ №
« 2 » 09 20 25 г.

**2025-2026 оқу жылында мектепте
психологиялық-педагогикалық қолдау
қызметін ұйымдастыру туралы**

«Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірде № 92 бұйрығына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Сатиева А.Ч.

- мектеп директоры, комиссиясы төрайымы;

Сагындыкова А.Ж.

- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
комиссия төрайым орынбасары;

Тұрдалы Г

- педагог-дефектолог, комиссия хатшысы;

Абдрахманова Л. Н.

- педагог-психолог, комиссия мүшесі;

Мырзалиева Г.Ш.

- педагог-психолог, комиссия мүшесі;

Мұрат А.И.

- педагог-психолог, комиссия мүшесі;

Әсембек Ә.Д.

- әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;

Сулейменова Г.Н.

- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
комиссия мүшесі;

Баяков А.Т.

- директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі
орынбасары, комиссия мүшесі;

Ысмайыл Ғ.Қ.

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
комиссия мүшесі;

Смагулова Г.И.

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
комиссия мүшесі;

Исаева Г.А.

- медбике;

2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру комиссия құрамында барлық педагог-ассистенттер, сынып жетекшілер және пән мұғалімдері уақытша комиссия мүшесі болып тағайындалсын;

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінде Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы конвенциясы, «Білім беру туралы», «Кемтар балалар әлеуметтік және медико-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңдары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің нормативті-құқықтық құжаттары басшылыққа алынсын;

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырудың мақсаты мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып, тәрбиелегенде олардың жастарын, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оңтайлы емдеу-сауықтыру және психологиялық-педагогикалық жағдайды қамтамасыз ету болып табылсын;

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі: оқушыларды оқыту мен тәрбие беруге дайындау мақсатында оқушыларды тексеру, түзетіп, дамыту және әлеуметтік жұмыстарды өткізу, оқудағы ауыртпашылықтар мен оқушылардың мектепке бейімделуін анықтау, танымдық іс-әрекеттің деңгейін (сөйлеу, есте сақтау, назар аудару, еңбекке қабілеттілік және басқа да психикалық функциялар) және ерекшелігін анықтау, алдын алу, оқыту мен тәрбие беруде жеке-нақтыланған әдістермен қамтамасыз етілген, түзету психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік іс-шараларды анықтауға арналған оқушының эмоциялы-ерікті және тұрғалық дамуын зерттеу, оқушыны дамытуға қолайлы оқу бағдарламасын таңдау, жалпы дамуын зерттеу, оқушыны дамытуға қолайлы оқу бағдарламасын таңдау, жалпы және түзету арқылы оқыту мен тәрбие беру процесінде жеке-нақтылай әдістерді қамтамасыз етуге арналған оқу, тәрбие беру процесіне қатысушыларға ұсыныстарды дайындау басты міндет етіп алынсын;

6. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқуда қиындықтары бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін когнитивтік және орындаушылық функциялар, сөйлеуді дамыту, оқу, жазу және санау дағдыларының болуы/болмауы, эмоционалды-еріктік сала, мектепке бейімделу, сенсорлық және моторлық, отбасындағы әлеуметтік проблемаларды анықтау параметрлері бойынша бағалансын;

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өз жауапкершілігіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  А.Ч.Сатиева

